

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

ГҮЛЖАН ҚАРАҒҰСОВА, ҚР бұрынғы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның бұрынғы басшысы: "Мен мемлекеттік қызметте жұмыс істеген барлық жылдарым үшін ұялмаймын. Біз алты жарым жыл ішінде парламент арқылы 36 заң әзірлеп, өткіздік! Біз ол жаққа жекпе-жекке шыққандай баратынбыз. Барлығы зейнетақы жүйесіне қатысты болды".

"БЖЗҚ" АҚ Қазақстанның қаржы және зейнетақы жүйесін құрудың қайнар көзінде тұрған адамдармен сұхбаттар топтамасын жалғастырады.

Бүгін БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube арнасында біздің сұрақтарымызға Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияның бұрынғы басшысы және ҚР бұрынғы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Гүлжан Қарағұсова жауап беріп, өз пікірімен бөліседі.
<https://www.youtube.com/watch?v=mRs-UIHbHQQ>

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы маңызды әрі пайдалы ақпаратты алу үшін БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасына жазылыңыздар.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).